

ҚАРЖЫ МЕНЕДЖЕНТІ – МАГИСТРАТУРА МАМАНДЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІ КӨПТЕГЕН САЛАЛАРДА, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЭНЕРГЕТИКА, ӨНЕРКӘСІП, САУДА, БАНК СЕКТОРЫНДА, СОНДАЙ-АҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІК ҚЫЗМЕТТЕ СҰРАНЫСҚА ИЕ. БҰЛ САЛАДАҒЫ МАМАНДАР ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ, ТАЛДАУ, ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ЖЕКЕ КОМПАНИЯЛАРДА ДА, МЕМЛЕКЕТТІК ҰЙЫМДАРДА ДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ҰСЫНЫЛАДЫ, ОЛАР ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҮРЛІ СЕКТОРЛАРЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН МАМАНДАР ДАЯРЛАЙДЫ.

Бұл мақалада Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетіндегі экономика және қаржы кафедрасының экономиканың түрлі салаларында, соның ішінде консалтинг пен қаржы секторында қаржы менеджері мамандығын оқыту қажеттілігін сипаттайды.

Қаржы менеджері қашан да сұранысқа ие мамандық:

• Жақсы мүмкіндіктер. Мамандық кез келген бизнесте сұранысқа ие, яғни сіз әр

түрлі компанияларда жұмыс істей аласыз және жаңа мүмкіндіктер ашатын түрлі тәжірибе жинайсыз.

• Тұрақты өсу. Қаржы әлемдегі өзгерістерге бірден жауап береді. Бұл мамандық үнемі ізденісте болуды талап етеді: түрлі сынақтарға дайын болу үшін адам өзін-өзі дамытумен айналысу керек.

Білім беру бағдарламасының бағыты – қаржылық талдаушы, қаржы менеджері, жобалардың қаржылық үйлестірушісі, тәуекел-менеджер (андеррайтер), бюд-

жеттеу жөніндегі маман, клиринг жөніндегі маман, аудитор, сақтандыру агенті, валюталық трейдер, коллектор, қаржылық консультант, IPO жөніндегі маман, экономист, ХҚЕС жөніндегі маман, банк кассир-операционисі, қаржы директоры, салық салу жөніндегі маман, кредиттік сарапшы-консультант, актуарий, маклер.

Қаржылық есептілікті талдау ұйымның қаржылық жағдайын бағалаумен, деректерді жүйелеумен, қаржылық қызметтегі тенденцияларды анықтаумен және қаржылық көрсеткіштерді жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеумен айналысады.

Бұл сала қаржыны жоспарлаумен, басқарумен, қаржылық есептілікті талдаумен, инвестициялаумен, тәуекелдерді бағалаумен және қаржылық стратегияларды әзірлеумен айналыса алады.

Бұл мақалада қаржы менеджерінің негізгі міндеттері, соның ішінде басқару есебі, жоспарлау, талдау және тәуекелдерді басқару жайы қарастырылған.

Сонымен қатар нарықтық экономикаға лайықты әдістермен басқару ресурстарды тиімді басқаруды ұйымдастырады. Бұл міндеттерді ойдағыдай шешу қаржы менеджмент деңгейінде ғана мүмкін.

Ажар КИЗИМБАЕВА,
Yessenov University.

Университетті таңдаудың маңыздылығы: ДҰРЫС ШЕШІМ ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАНАДЫ?

УНИВЕРСИТЕТ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУ ҮДЕРІСІНДЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ. УНИВЕРСИТЕТ ТЕК ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, СТУДЕНТ ПЕН ЖҰМЫС БЕРУШІ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ. ОСЫ ТҮРҒЫДА УНИВЕРСИТЕТТІҢ ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУЫ, ТАҒЫЛЫМДАМАЛАР МЕН ПРАКТИКА БАЗАСЫНЫҢ БОЛУЫ, БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМӨНКЕЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУЫ, ӨНДІРІСТІК СЕРІКТЕСТЕРМЕН ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫ ЕРЕКШЕ МӘНГЕ ИЕ.

Ш.Есенов атындағы университет – Каспий теңізінің жағалауында орналасқан, 1991 жылы негізі қаланған Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Алғашында мұнай және газ институты ретінде құрылған бұл оқу орны өңірдің өндірістік қажеттіліктеріне жауап берді. Бүгінде университет инженерлік-техникалық бағыттармен қатар, гуманитарлық ғылымдар, бизнес, құқық және ақпараттық технологиялар салаларында да білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Университеттің миссиясы – аймақ пен ел экономикасының сұраныстарына жауап беретін, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. Ғылыми-зерттеу қызметі экология, мұнай-газ саласы, энергетика және инновациялық технологиялар бағыттарында қарқынды дамуда.

Жаңартылатын энергия көздері саласындағы зерттеулер – қазіргі жаһандық экологиялық сын-қатерлер аясында ерекше

өзектілікке ие. Сонымен қатар мұнай-газ өндіру технологияларын жетілдіру бағытындағы ғылыми жұмыстар ұлттық экономиканың дамуына елеулі үлес қосуда.

Университет инфрақұрылымы заманауи оқу ғимараттарын, зертханаларды, кітапханаларды, спорт кешендерін және жатақханаларды қамтиды. Студенттер жоғары жылдамдықты интернет пен ақпараттық ресурстарға қол жеткізе алады. Спорттық секциялар білім алушылардың салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасайды.

Университет халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытып, студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етеді. Еуропа және Азия елдерінің жетекші жоғары оқу орындарымен бірлескен бағдарламалар жүзеге асырылуда.

Университет құрылымындағы маңызды бөлімшелердің бірі – Неміс-Қазақстан тұрақты инженерия институты (KINI). Бұл институт Қазақ-Неміс университеті (DKU) мен Ш.Есенов атындағы университеттің бірлескен бастамасы негізінде құрылған. Институт инженерлік білім берудің неміс стандарттарын енгізуге және өнеркәсіптен тығыз байланыста мамандар даярлауға бағытталған.

«Мен сені таңдаймын» ұрпақ университетінің саналы таңдау, сапалы білім және сенімді болашақ қағидаттарын айқындайды.

Осылайша, Ш.Есенов атындағы университет пен Неміс-Қазақстан институты студенттерге халықаралық стандарттарға сәйкес сапалы білім алып, ғылыми-зерттеу және кәсіби қызмет саласында табысты болуға кең мүмкіндік береді.

А.ҚОНАРШАЕВА,
Yessenov University-дің филология және спорт факультетінің ағылшын филологиясы кафедрасы.

ҒАЛЫМ – БІЛІМ МЕН ӨРКЕНИЕТТІҢ ШАМШЫРАҒЫ

ҒАЛЫМ АДАМ – АДАМЗАТТЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ДАМУЫНА ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСАТЫН, ӨМІРІН ІЗДЕНІС ПЕН ТАНЫМҒА АРНАҒАН ТҰЛҒА. ОЛ ТЕК ЖАҢА БІЛІМ АШУШЫ ҒАНА ЕМЕС, ҚОҒАМДЫ АЛҒА ЖЕТЕЛЕТІН ОЙ ҚОШБАСШЫСЫ. ҒАЛЫМ ЖОЛЫН ТАҢДАҒАН АДАМ ҮШІН БАСТЫ МАҚСАТ – АҚИҚАТТЫ ТАҢУ, ТАБИҒАТ ПЕН ҚОҒАМ ЗАНДЫЛЫҚТАРЫН ТҮСІНУ ЖӘНЕ СОЛ БІЛІМДІ АДАМЗАТ ИГІЛІГІНЕ ПАЙДАЛАНУ.

Ғалымның басты ерекшелігі – үздіксіз ізденіс. Ол дайын жауаппен шектелмей, әр құбылыстың мәніне терең үңіледі, күмәнданады, дәлелдейді және қорытынды жасайды. Бұл жол табандылықты, шыдамдылықты және жоғары жауапкершілікті талап етеді. Көп жағдайда ғалымның еңбегі бірден көрінбей мүмкін, алайда уақыт өте келе оның жаңалығы ғылымның дамуына берік негіз болады.

Біздің университетімізде де жас буынды білім мен ғылымға баулып жүрген оқытушылар жетерлік. Солардың бірі және бірегейі жас ғалым Ибраева Мәншүк Мұратқызы туралы айтқым келеді.

2008 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технологиялар факультетіне оқуға түсіп, осы оқу орнын 2012 жылы органикалық заттардың химиялық технологиялары мамандығы бойынша бітірген. 2012–2014 жылдары аталған университетте магистратура және 2014–2017

жылдары докторантура бойынша білім алған, 2017 жылы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақстанның Алтай өңірінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерін химиялық зерттеу» тақырыбында диссертациясын сәтті қорғады.

Ғылыми зерттеу бағыты – еліміздің дәрілік өсімдіктерін фитохимиялық зерттеу, құрамынан дәрілік биологиялық белсенді заттар алу.

Шетелдік тағылымдамалары: 2014 жылы Xinjiang Technical Institute of Physics and Chemistry of CAS, Urumqi, Қытай, 2016 жылы мамандандырылған International Center for Chemical Sciences, H.E.J Research Institute of Chemistry және Dr. Panjwani Center for Molecular Medicine and Drug Research, University of Karachi, Karachi, Пәкістан, 2019 жылы University of Health Sciences, Department of Medicinal and Aromatic Plants, Ыстамбұл, Түркия, 2019 жылы Mugla Sıtkı Koçman University (Mugla қ.) жоғары оқу орнының химия кафедрасы, Mugla, Түркия, 2019 жылы The Burlington School of English (Certificate, Level B1 of the CEFR), Лондон, Ұлыбритания.

М.Ибраеваның ғылыми-зерттеу бағыттары Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктердің химиялық құрамын зерттеу, биологиялық белсенді заттарды бөлудің оңтайлы технологиялық сызбанұсқасын жасау, биологиялық белсенді заттар алу және шартты фитопрепараттардың бактерияға, тотығуға, лейшманияға қарсы биологиялық белсенділігін анықтауға арналған.

М.Ибраева ғылыми зерттеу жұмысы барысында Verbascom текті өсімдік құрамынан тұңғыш рет бағаналы хромато-

графияда RP-18 сорбенті пайдаланылып лейшманиозға қарсы белсенділік танытқан иридоидтар кешенін бөліп, «Лейшманиозға қарсы әрекеті бар дәрі-дәрмек алу тәсілі» (№12 бюл. 30.06.17) ҚР ӨМ пайдалы модельге №2231 патенті мен сорбент ретінде MCI CNP-20P гелін пайдаланып иммунтүрлендіргіш белсенділігі бар фенилпропаноидты кешенін алып, нәтижесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қабынуға қарсы әсері бар кешен алу әдісі» (№6334, бюлл. №33 20.08.2021) пайдалы модельге патентімен қорғалды. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері мамандандырылған International Center for Chemical Sciences, H.E.J Research Institute of Chemistry және Dr. Panjwani Center for Molecular Medicine and Drug Research, University of Karachi, Karachi, Pakistan және Xinjiang Technical Institute of Physics and Chemistry of CAS, Urumqi, China зертханаларында жасалған биологиялық тәсілеу актілерімен расталды.

2022-2023 оқу жылында Yessenov University және Каспий кәсіпкерлік орталығының қолдауымен «Смартфонға арналған химия пәні бойынша зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру» атты Startup жобасының (990 000 тң) жетекшісі. Жоба аясында қазіргі таңда қазақтілді «Doramine» қосымшасы жасалып жатыр.

Қазіргі заманда ғалымның рөлі одан әрі артып отыр. Ғылыми жаңалықтар технологиялық прогресті жеделдетіп, білім беру, медицина, экология, өндіріс сияқты көптеген салалардың дамуына ықпал етуде. Бұл үдерісте ғалым адам тек зерттеуші ғана емес, сонымен бірге жаңашыл, тәрбиеші және қоғам алдында жауапты тұлға екендігін көреміз.

Э.САГИНДЫКОВА,
Yessenov University-дің жаратылыстану ғылымдары кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жетібай кен орнының объектілерінде орналасқан ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға арналған жұмыс жобаларына қоғамдық тыңдау өткізеді.

Жоба атаулары:
– «Жетібай кен орны тобының тығыздау ұңғымаларын жайластыру, XXIV-кезек»;
– «Жетібай кен орны тобының тығыздау ұңғымаларын жайластыру, XXV-кезек»;

– «Жетібай к/о БКНС-1 ауданында су алу ұңғымалары бар тірек сорғы станцияларын салу»;
– «РВС-5000м3 БКНС-3 м/р Жетібайдағы тірек сорғы станциясымен».

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43°35'22" с. ш. 52°06'51" в. д.
Қоғамдық тыңдауларды өткізу аумағы, күні, уақыты және орны: 2026 жылғы, 2 сәуірде сағат 15.00-де, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ғимаратында, Қарақия ауданы, Жетібай ауылында өтеді.

Microsoft Teams арқылы онлайн қосылуға сілтеме: <https://teams.microsoft.com/join/45988693527819?p=bbmwlVJElBPhYqPoHl>
Конференция идентификаторы: 459 886 935 278 19
Құпия коды: Pj64y5r3

Тұтынушы: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, БСН: 990140000483, Ақтау қ., 6-ш/а, 1-ғимарат, тел.: 8 /7292/ 212-226.

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>.

Жобаның әзірлеушісі: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, күрделі құрылыс департаменті.

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: a.zhaparova@mmg.kz , 212-226

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекен-жайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lucent Petroleum» ЖШС «Бахыт мұнай-газ конденсат кен орнының «Мұнайбай» учаскесіндегі жер үсті ғимараттары мен газ құбыры құрылысы. 2-кезек» бойынша қоғамдық тыңдау өткізетіні туралы хабарлайды.

Аумағы әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі, учаскенің географиялық координаттары және әсер етуі мүмкін ауданның географиялық координаттары: 45°41'15.90"N 53°40'31.59"E Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы.

Өтетін орны: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылы, мәдениет үйі. Қоғамдық тыңдаулардың басталу күні мен уақыты: 2026 жылдың 3 сәуір, сағат 15:00.

Бастамашының мәліметтері және байланыс деректері: «Lucent Petroleum» ЖШС, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 77/7, Esentai Tower, 14-қабат, тел. 8 (727) 2777 852.

Жобаны жасаушылардың мәліметтері мен байланыс деректері: «О.С.Герштанский атындағы МұнайгазГЗЖИ» АҚ, Ақтау қаласы, 8-шағын ауданы, 38 «а» ғимарат, тұрғын емес үй-жай 2/1, тел: +7 (7292) 600-208. пірі. info@nipi.kz электрондық пошта.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының электрондық мекен-жайы мен пошталық мекен-жайы, оларға жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде жолдайды. қоғамдық тыңдауларға жіберілетін құжаттар: s.bazarbay@mangystau.gov.kz Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 1-ғимарат. Ауыл әкімдігі Боранқұл: akimat-borankul@mail.ru, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылы, Тәуелсіздік, 16-үй.

«200М» платформасы арқылы қосылуға сілтеме: <https://zoom.us/j/96627546889?pwd=Dv5XaRm30JYsQrrhPTt65zRz78VmG.1>.

05.02.2020 ж. С.Е.МУНКЕЕВ АТЫНА БЕРІЛГЕН №331 ЗАҢ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КҮӘЛІК ЖОҒАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН.

БАСПАСӨЗ-2026

«МАҢҒЫСТАУ»
газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр

«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады



Туған өлкеңіздің үнін жеткізетін – «Маңғыстау» газеті!

«МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ			
Жазылу түрлері	Редакция арқылы жазылу бағасы	«Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс
Занды тұлғалар үшін 1 жылға	16 370,00	25 881,96	15492
Жеке тұлғалар үшін 1 жылға	8 185,00	12 947,52	65492

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН ТЕЛЕФОН: 20-48-42

